5 класс		6 класс		7 класс		8 класс		9 класс		Барлығы	
Оқу жылы басы	Оқу жылы соңы	Оқу жылы басы	Оқу жылы соңы	Оқу жылы басы	Оқу жылы соңы	Оқу жылы басы	Оқу жылы соңы	Оқу жылы басы	Оқу жылы соңы	Оқу жылы басы	Оқу жылы соңы
11	11	11	11	11	11	5	5	10	10	48	48
Жалпы орта білім беру деңгейі бойынша											
10 класс		11 класс		Барлығы						Барлығы 1-11 класс	
Оқу жылы басы	Оқу жылы соңы	Оқу жылы басы	Оқу жылы соңы	Оқу жылы басы	Оқу жылы соңы					Оқу жылы басы	Оқу жылы соңы
10	10	11	11	21	21					117	116

«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» 2-қосымшасының «Оқытуды ұйымдастыру жағдайы бойынша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» 4-тарауының «Шағын жинақты мектептер, тірек мектептері қызметінің үлгілік қағидалары» 1-параграфтың 97-тармақшасына сай сыныптардың толықтығы сақталған.

2022-2023 оқу жылындағы білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер:

Оқу жылы басында оқушы саны	КЕТКЕН оқушылар саны	Оның ішінде		КЕЛГЕН оқушылар саны	Оның ішінде		Оқу жылы аяғында оқушы саны
		Басқа мектеп	Қайтыс болған		ҚР аймағы	Шет ел	
117	1		1	0			116

Мектепке қабылдау және басқа мектепке ауыстыру тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 [бұйрығымен](#) бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылады. Оқушылардың қатарына қабылдау мектеп директорының бұйрығы негізінде жүргізіледі. Оқушыларды қабылдау кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №93 [бұйрығымен](#) бекітілген «Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартына» сәйкес білім беру қызметтерін көрсету үшін балалардың немесе олардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен шарт жасалады. 1-сыныпқа қабылданатын балалардың ата-аналарынан немесе өзге де заңды өкілдерінен құжаттарды қабылдау ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 сәуірінен бастап 1 тамызына дейін электронды портал арқылы жүзеге асырылады. 1-сыныпқа қабылдау туралы бұйрық ағымдағы жылғы 25 тамыздан кейін шығарылады. Үлгілік қағиданың 2-қосымшасына сәйкес "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес каникул кезеңінде eaktobe.kz порталы арқылы жүзеге асырылады. 10,11 сыныптарға оқушыларды қабылдау оқушының жеке өтінішінің не олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтінішінің және негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының негізінде күнтізбелік жылдың 15 тамызына дейін жүзеге асырылады.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс.

Білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі.

Бағаланатын кезеңге мектеп директоры бекіткен оқу жұмыс жоспарлары, сабақ кестелері тексеріліп, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес құрылғандығы анықталды.

2020-2021 оқу жылына арналған жұмыстық оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 2,3-қосымшалары «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», 4-қосымшасы «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2018 жылдың 4-қыркүйектегі №441 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары» 6-қосымшасы, 5-9 кластардың оқу жоспары «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары» 16-қосымшасы, 10-11 кластардың оқу жоспары «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары» 120-қосымшасы негізінде жасалған.

2021-2022 оқу жылына арналған жұмыстық оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 2,3-қосымшалары «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», 4-қосымшасы «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылдың 20 тамыздағы №415 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары» 1-қосымшасы, 5-9 кластардың оқу жоспары «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары» 6-қосымшасы, 10 кластың оқу жоспары «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары» 31-қосымшасы және 11 кластың оқу жоспары 2021 жылдың

26 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары» 100-қосымшасы негізінде жасалған.

2022-2023 оқу жылына арналған 1-11 кластардың жұмыстық оқу жоспарлары ҚР оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 2-қосымшасы «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», 3-қосымшасы «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», 4-қосымшасы «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР оқу-ағарту министрінің 2022 жылдың 12 тамыздағы №365 (№412 (1-қосымша), 30.09.2022ж) бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары» 1-қосымшасы, 5-9 кластардың оқу жоспары «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» 6-қосымшасы, 10-11 кластардың оқу жоспары 2022 жылдың 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» 86-қосымшасы негізінде жасалған.

Бағаланатын кезеңге сабақ кестелерінде оқу сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы және реті көрсетілген. Сабақ кестелері оқушылардың тамақтануы мен белсенді демалуы екінші және төртінші сабақтан кейін 15 минут, қалған сабақтар арасында 5 минут берілген. Сабақтың ұзақтығы 2020-2021 оқу жылында 40 минуттан, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында 45 минуттан аспайды. Бірінші сыныпта қыркүйекте 35 минуттан, қазаннан бастап 45 минуттан өткізілген. Сабақ кестелерінде қосарланған сабақтар қойылмаған.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру.

Бағаланатын кезеңге инвариантты компонент пәндері бойынша жалпы білім беру бағдарламалары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, теориялық және практикалық сабақтардың мазмұны электронды журналдан зерделенді. **2020-2021 оқу жылында** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» №115 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары, «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні бойынша 2018 жылғы 17 қазандағы №576 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген; 2017 жылғы 25 қазандағы №545 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары, 2017 жылғы 3 сәуірдегі №352 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары, 2019 жылғы 7 наурыздағы №105

бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары, 2020 жылғы 21 сәуірдегі №154 «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша енгізілген өзгерістерімен жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары басшылыққа алынған.

2021-2022 оқу жылында жалпы білім беретін пәндерді игеруде 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрығымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» №115 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар ескеріліп, үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жүзеге асырылған.

Бағаланатын кезеңге оқушылардың оқу пәнінің базалық мазмұнын меңгеру оқу нәтижелеріне бағдарланған. Оқу бағдарламалары оқушыларға тек ғылым негіздерін оқытып қана қоймай, олардың тиімді әлеуметтенуіне ықпал ететін рухани, әлеуметтік және мәдени тәжірибелерді одан әрі дамытуды қамтамасыз етудің қажеттілігі ескерілген. Оқу пәндерінің мазмұны негізгі орта білім беру және жалпы орта білім беру деңгейлері арасындағы білім мазмұнының үздіксіздігі және сабақтастығы, білім беру мазмұнының академиялық және тәжірибелік бағыттылығы арасындағы теңгерім сақталған.

Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру.

2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында оқушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 2,3-қосымшалары «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2-тарауы «Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар» 1-параграфы «Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, жаңартылған негізгі орта білім беру мазмұнына қойылатын талаптар» 15-тармақшасы, 4-қосымша «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2-тарауы «Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар» 1-параграфы «Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып жалпы орта білімнің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар» 16-тармақшасы негізінде жүзеге асырылған.

2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылған. Тәрбие жұмысының мақсаты: Мектепте тәрбие жұмысының бірыңғай

жүйедегі инновациялық бағыттағы жұмыстарын ұйымдастыру, алгоритмге сәйкес жұмыстар жүргізу; Мектепте көшбасшылық қасиеттері бар, жаңа демократиялық қоғамда өзін-өзі басқару арқылы өмір сүруге қабілетті азаматтар және патриоттарды тәрбиелеуді іске асыру; Балалар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтар профилактикасының маңыздылығына мін беру; Балалардың ақпараттық қауіпсіздігі, киберқауіпсіздік мәселесіне назар аудару; Отбасы құндылықтарының тәрбиелік маңыздылығын арттыру; Мектепте құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Тәрбие жұмысының міндеттері: ҚР рәміздеріне құрметпен қастерлеуге дағдыландыру; Балалар мен оқушы жастардың ұлтаралық және этникалық мәдени қарым-қатынастарын жетілдіру; Есірткілер мен басқа да зиянды заттарды қабылдауды болдырмаудың алдын алудың шараларын жетілдіру; Балалар мен жасөспірімдер арасындағы діни сауаттылықты қалыптастырып, діни экстремизмнің алдын алу; Оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында қосымша білім беру ұйымдары мен мектепшілік үйірмелермен бірлескен жұмыстарды үйлестіру.

Тәрбие тұжырымдамасының негізгі 8 бағытқа сәйкес жылдық жұмыс жоспары құрылып, мектеп директорымен бекітілген: Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие; Рухани-танымдық тәрбие; Ұлттық тәрбие; Отбасылық тәрбие; Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие; Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие; Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу; Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

2020-2021 оқу жылының тәрбие жоспары бойынша өткізілетін іс-шаралардың барлығы онлайн түрде өткізілуге жоспарланған. Қыркүйек айының алғашқы күні білім күніне арналған бірыңғай тәрбие сағаттар онлайн формата өткізілген. 1-4 класс оқушыларына Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған сынып сағаттары өткізілген. 5-8 класс оқушыларына Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығы, 9-11 класс оқушыларына ҚР Конституциясының 25 жылдығына орай онлайн форматта сынып сағаттары өткізілген. Қыркүйек айының екінші аптасында «Отбасы – бақыт мекені» атты апталық өткізілген. 1-11 класс ата-аналарына арналған «Бала тәрбиесі – басты назарда» тақырыбында жиналыс өткізілген. Қыркүйек айының төртінші аптасында түнгі кезекшілік ұйымдастырылып, тиісті жұмыстар атқарылған. Музыкалық жетекшінің жоспарына сәйкес «Қазақ әндерінің жобасы» атты сайыс ұйымдастырылған. Жыл басында мектеп бойынша сыныптардағы спорт секциялары мен үйірмелерге қатысатын оқушылардың тізімі жасақталған. Рухани адамгершілік тәрбие бағыты бойынша қазан айының алғашқы аптасында ұстаздар күніне арналған «Ұстазым, менің ұстазым!» мерекелік онлайн концерт ұйымдастырылған. 1 қазан қарттар күніне арналған құттықтау бейнероликтер ұйымдастырылған. Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие бағыты бойынша «Мәңгілік ел болу – мұратымыз!» атты патриоттық әндер байқауы өткізілген. Қазан айының екінші аптасында мектеп психологі «Мейірімділік» тақырыбында 5 класс оқушыларына арналған тренинг өткізген. Құқық пәнінің мұғалімі Курбаева Динара Абилхасымовна 9-10 класс оқушыларына арналған «Жат діни ағымнан сақ болайық» тақырыбында ақпарат берілген. Қазан айының үшінші аптасында «Ұялы телефонның мүмкіндігі мен пайдасы мен кері әсері тақырыбында» пікірталас

өткізілген. Оқушылардың күзгі каникулы күндерінің іс – шаралар жоспары құрылып жауапты орындаушылар онлайн түрде жұмыстар атқарған. 5-7 класс оқушыларының ата – аналарына психологиялық көмек, кеңестер берілген. Мектеп тәлімгерінің жоспарына сәйкес «Табиғат таңғажайыптары» тақырыбында көрме өткізілген. Сонымен қатар аға тәлімгердің жоспары бойынша қыркүйек айының 15-ші жұлдызынан бастап «Тіл ұлттық құндылық» атты апталық ұйымдастырылған. Оқушылар Ата-бабамыздан қалған нақыл сөздерін айтып, «Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде» тақырыбында эссе жазған. Жоспар бойынша «Тіл мәртебесі ел мәртебесі» атты дебат өткізілген. Дебат арқылы оқушылар тілдің еліміздің мәртебесі үшін қаншалықты маңызды екенін және де тілімізді өзге тілмен былғамай таза сөйлеп дамыту керектігі туралы ой қозғаған. Аптаның ең соңғы күнінде «Мен тіліммен мақтанамын» деп оқушылар жүректен шыққан мақтаныш сөздерін өздерінің шығарған өлеңдері арқылы жеткізген. «Денсаулық-зор байлық» атты 9-11 сыныптар аралығында онлайн спорттық челлендж ұйымдастырылған. Осы челлендж арқылы оқушылар бір-бірін спортпен айналысуға шақырып спортқа деген қызығушылықтарын арттырған. «Күз мереке, күз береке», «Күз таңғажайыптары» тақырыбында мектеп оқушылары күзгі жеміс - жидектерді пайдаланып көрме ұйымдастырған. Оқушылар жеміс-жидектерді, күзгі жапырақтарды пайдаланып жан-жануарлар, саяқбақ, құстар, гүлдер жасап мектеп ұжымына ерекше эсер сыйлаған. 8-11 сынып оқушылары «Күзгі таңғажайыптар» тақырыбында табиғи материалдарды пайдаланып 3D форматында қабырға газеттерін шығарған. Күзгі демалыс уақытындағы оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануы үшін түрлі онлайн іс-шаралар өткізілген. Қараша айының бірінші аптасында Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрілігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру» мақсатында мектебімізде бұрыштар жасақталып жоспар бойынша жауапты орындаушылар жұмыстанған. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында және діни –экстремизімнің алдын алу мақсатында сыныптарда түсіндіру жұмыстары жүргізілген. Барлық сыныптарда онлайн түрде ата – аналар жиналысы өткізілген. Мектеп психологінің жоспарына сай «5-сынып дегеніміз не?» тақырыбында тренинг өткізілген. 9 класс оқушыларына мектеп психологі «Құқық пен міндет туралы не білесің» тақырыбында сауалнама өткізіп оқушылармен ой бөліскен. Қараша айының соңында мектебімізде «Адалдық» және «Әділет» дебат клубтары құрылып жетекшісі бекітіліп жоспар бойынша жұмыс жасалынып жүргізілген. Бұл дебат клубының негізгі мақсаты, міндеті оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің айқындалуына мүмкіндік беру. Шешендік өнер және жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау. Талантты жастарды ынталандыру. Мектеп оқушылары арасында пікір сайыстың деңгейін көтеру. Мектеп оқушыларының сын тұрғысынан ойлауын дамыту. Өз отаны Қазақстан, оның басты құндылықтарын құрмет тұтып, мақтаныш сезімдерін қалыптастыру. Оқушылардың жауапкершілігін және танымдық қабілеттерін түрлі пікірталастар арқылы ортаға салу. Пікірсайыс арқылы белсенді азаматтық позициясы бар, жаңарған қоғамның жаңа азаматтары тәрбиеленеді. Басқа адамдардың көзқарастарымен санаса алатын озық ойлы азаматтардың қатарын көбейту. Қараша айының 16-шы жұлдызынан бастап 2-7 сыныптар аралығында «Әдептілік-әдемілік» атты апталық өтті. Бұл апталықта

оқушылар адамгершілікке, қарапайымдылыққа, кішірейілділікке, әдептілікке, өз халқының салт-дәстүрлерін үйрене отырып, жаман әдеттерден аулақ болуға үйренген. Әдептілік тақырыбында тәрбие сағаттары өткізіліп, оқушыларға «әдептілік» ұғымы туралы тереңірек ақпарат берілген. Оқушылардың әдептілік ұғымын қаншалықты меңгергенін анықтау мақсатында Google форма платформасында онлайн тест алынған. Оқушыларға шығармашылық тапсырма беріліп, әдептілік тақырыбында видеоролик түсіру және де оқушылар бұл тапсырманы мінсіз орындап, қаншалықты әдепті бала екендіктерін көрсете білген. Қазіргі 21 ғасырдың актуалды проблемарын бір жерге тоғыстырып сынып жетекшілерімен бірлесе отырып 8-9 сыныптар аралығында «Адамзаттың қас жауы ЖИТС, ішімдік, нашақорлық, темекі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілген. Осы мәселелер төңірегінде ақпарат беріліп, оқушылар өздерінің де ойларын ортаға салып, пікірлерімен бөліскен. Желтоқсан айында Тұңғыш президент күніне орай «Елбасы еңселі-Қазақ елі» атты салтанатты жиын өткізілген. 16 желтоқсан тәуелсіздік күніне орай челлендж ұйымдастырылып, оқушылар өз жылы лебіздерін өлең жолдары арқылы жеткізген. Қысқы каникул уақытында дене тәрбиесі салауатты өмір салты бағыты бойынша «Денсаулық тамақтану кепілі» 1-4 класс оқушыларының арасында тәрбиелік шара өткізілген. Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие бағыты бойынша «Мен жасаған ойыншық» қолөнер бұйымдарынан көрме ұйымдастырылған. Мектеп медбикесінің ұйымдастыруымен «Ертеңінді ойласаң - есірткіге жолама» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілген. Тәлімгердің жоспары бойынша 8-11 сынып оқушы қыздарының арасында «Жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілген. Медбике оқушы қыздарға түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, толық ақпарат берген. Психолог оқушылардың сенімділіктерін оятып, қате қадам баспас үшін «Армандар» атты тамаша тренинг өткізген. «Адамзаттың қас жауы ЖИТС, нашақорлық, ішімдік, темекі тақырыбында 8-11 сынып оқушыларының арасында дөңгелек үстел өткен. Дөңгелек үстел барысында бір мезетте бірнеше ауқымды тақырыптар қозғалған. 9 сынып оқушылары ішімдік, темекі, нашақорлықтың қаншалықты зиян екендігін ізденіп түсіндірме жұмыстарын жүргізген. Ең соңында ЖИТС туралы толық ақпарат берілмес бұрын оқушылардан сауалнама алынған. 08.02-19.02 аралығында әдептілік онкүндігі аясында әлеуметтік педагогтің жоспарына орай оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Жасөспірім және қылмыс» атты 8-11 класс аралығында пікірталас өткізілген. Қаңтар айында 1-11 класс ата-аналарына «Отбасы-адамгершілік пен руханияттың қайнар көзі» онлайн тренинг ұйымдастырылған. «Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында 7-11 класс оқушылармен «Мен заңды қаншалықты білемін?», «Бәрі өз қолыңда» тағы да басқа жаттығуларын ұйымдастыру арқылы олардың қарым-қатынасын нығайту, көңіл-күйлерін көтеру жүзеге асырылған. Оқушылар арасында талқылау арқылы өз әсерлерімен бөлісіп, ой пікірлерін білдірген. 1-4 класс оқушылары арасында қарым-қатынасты нығайтуға арналған тренинг-жаттығулар ұйымдастырылған. Тренинг барысында «Өрмекші торы», «Жартастан өту» «Ашулы шарлар», «Сикырлы қобдиша» сияқты жаттығулар жүргізілген. 8-11 кластар арасында мұғалімдер мен оқушылар арасындағы адамгершілікті, ынмақтастықты, сыйластықты, сүйіспеншілікті мейірімділікті нығайту мақсатында «Риясыз дос» шығармашылық жұмыс ұйымдастырылған.

Шығармашылық жұмысты бастарда оқушылар мен мұғалімдер арасында көңілді тренинг, жаттығулар ұйымдастырылып оқушылар мен мұғалімдер жеребе бойынша өздеріне түскен оқушы мен мұғалімге жақсылық, қамқорлық жасауы бір апта бойына міндеттелген. Шара соңында мұғалімдер мен оқушылар шаттық шеңберіне тұрып бір-біріне құпия түрде жасаған жақсылықтарын айтып, барлығы өз пікірлерімен бөлісіп, алғыстарын білдірген. 8-11 класс оқушыларының арасында «Стреске қарсы әдістер» бойынша стреске қарсы тұрудың 9 профилактикалық ережесі жүргізілген. Ақпан айында «Менің арманым» тақырыбында тренинг сабақ 8-11 класс оқушыларының қыз балалары арасында жүргізілген. «Интернетсіз бір күн» тақырыбында 5-7 кластар аралығында кітапханаға саяхат ұйымдастырылып, оқушылар өздеріне қызықты кітаптармен журналдар және ұнаған тақырыптарына байланысты кітаптар қорымен танысқан. «Өмірлік қуат мейірімділікте» тақырыбында 1-4 класс оқушылары арасында тренинг сабақ өткізіліп, оқушылардың қоршаған ортаға, айналасындағы адамдарға мейірімді қатынас жасай алу және жақсылықты түсіне білу дағдыларын қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған. Наурыз айында «Қатыгездік пен зорлық зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында 8-11 класс оқушыларының арасында жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау мақсатында ағартушылық жұмыс өткізілген. 1-4 класс оқушылары мен ата-аналар арасында «Отбасылық ойындар» тақырыбында тренинг жаттығу өткізілген. 7-11 класс ата-аналары назарына «Суицидтің алдын-алу» тақырыбында онлайн ақпарат беур жұмыстары жүргізілген. Ұлттық тәрбие бағыты бойынша 8 наурыз - аналар мерекесіне орай 1-4 класс қыздарының арасында «Кішкентай ханшайым» сайысы өткізілген. 1-11 класс оқушыларының арасында «Ана деген теңдесі жоқ ұлылық» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілген. Тәлімгердің ұйымдастыруымен «Ардақтайық ананы» тақырыбында 5-7 класс оқушыларының арасында аналарға арналған өлеңдер сайысы өткізілген. 14 наурыз - көрісу күніне 1-11 класс оқушыларының арасында «Амал мерекесі» тақырыбында тәрбие сағаттары өткен. Кітапханашы жоспарына сай амал мерекесін әлеуметтік желі арқылы кеңінен насихаттау мақсатында «Амал келді - жыл келді» тақырыбында әлеуметтік желіге өзінің дайындаған бейнероликтерін жариялаған. «Салт – дәстүр тәрбие негізі» тақырыбында мектебіміздің жанынан құрылған «Жас сахна» театр үйірмесі мүшелерінің ұйымдастыруымен театрландырылған қойылым қойылған. «Қанатты жастар» еріктілер мүшелері «Қайырымдылық адамгершілік белгісі» тақырыбында өздерінің жоспарына сай жалғыз басты аналарға көмектескен. «Жаңа өмір, жаңа жыл, жаңа күнмен көрісу» тақырыбында 8-11 класс оқушыларының арасында эссе жұмыстары жазылған. 22 наурыз - ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне арналған 1-11 класс оқушыларының арасында «Ұлыстың ұлы күні - Наурыз» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілген. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі К.Алдамжаровтың ұйымдастыруымен ұлттық ойындар өткен. Сонымен қатар 9-11 класс қыздарының арасында «Мерген ару» сайысы өткізіліп, жеңімпаз 11 класс оқушысы Азаматқызы Аружан «Мерген ару – 2021» атағына ие болған. Көркем еңбек пәнінің мұғалімі Н.Идиорованың ұйымдастыруымен «Ең әдемі киім – ұлттық киім» тақырыбында көрме ұйымдастырылып оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілген. Сонымен қатар оқушылардың көктемгі демалысына шығу мақсатында «Қазақстан балалары

Көктем шақырады» тақырыбында жоспар ұйымдастырылып, даналық пен білім күніне арнап «Атадан қалған өсиет» тақырыбында қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі У.Каласова 9-11 класс оқушыларына эссе байқауын жүргізген. 5-10 класс оқушылары қазақтың ұлттық тағамдарын жасап әлеуметтік желіге жариялаған. Көпмәдениетті және көркем –эстетикалық тәрбие бағыты бойынша оқушылар өз қолдарынан түрлі сыйлықтар жасап, әлеуметтік желіге орналастырған. Шымырлық пен шеберлік күнінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі К.Алдамжаров қазақ халқының ұлттық мәдени құндылықтарын сақтаудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын асық ату, тоғызқұмалақ жарыстарын ұйымдастырған. Оқу және жазу мәдениетінің күнінде мектеп кітапханашысы А.Айтжанова «Демалыста оқу», «Кітап баста», «Отбасымен бірге оқу» іс-шарасын ұйымдастырып, оқушылармен онлайн кездесу ұйымдастырған. Кино күні – кино әуесқойларына арналған кинозал бойынша мектеп тәлімгері оқушыларға ерекше танымал киноларды ұсынған. Игі істер күнінде «Қанатты жастар» еріктілер мүшелері ауылдың жалғыз басты анасына барып көмектерін берген. Барлық өткізілген мерекелік іс – шаралар мектептің инстаграм парақшасында жарияланған.

2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылған. Тәрбие жұмысының өзекті мәселесі: «Рухани құндылығы жоғары және сана- сезімі қалыптасқан жеке тұлғаны тәрбиелеу». Тәрбие жұмысының мақсаты: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруды ұйымдастыру; Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу; Мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында; Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау; Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау; Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана-сезімін жаңғыртуға аса мән береді. Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін міндеттер белгіленген: жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету; Тұлғаның рухани-

адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету; Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету; Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету; Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ эволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету; Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету; Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту; Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату; Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру; Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен аулыңа, қала мен өңіріңе, яғни туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі, ұлт ететін мәдени-генетикалық кодтың негізі. Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы ««Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы, Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV, 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы №345, «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV, «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI, «Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес жүргізілген.

Тәрбие жоспары сегіз бағыт және 11 жоба бойынша құрастырылған. Сегіз бағыт бойынша құрылған жоспарға қосымша жобалар кіріктірілген. «Қазақстандық

патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие» бағытына «Құқықтық сана қауымға пана», «Рухани-адамгершілік тәрбие» бағытына «Оқуға құштар мектеп» жобасы, «Ұлттық тәрбие» бағытына «Дәстүр мен ғұрып» жобасы, «Отбасылық тәрбие» бағытына «Отбасы-мектеп» жобасы, «Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие» бағытына «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет», «Еңбек – елдің мұраты» жобасы, «Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие», «Балалар және театр» Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бағытына «Ұшқыр ой алаңы» жобалары кіріктіріліп жасалған. Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды. Оқу жылының алғашқы күнінде карантиндік жағдайларға байланысты тек 1 – ші сыныптар үшін «Кел балалар оқылық!» атты салтанатты жиын өткізілген. Сонымен қатар 1 - қыркүйек білім күнінде Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай 2-11 класс аралығында карантиндік талаптарды сақтай отырып «Тәуелсіздік жетістіктері» атты класс сағаттары өткізілген. Қыркүйек айының 4-ші жұлдызынан бастап, «Тілге құрмет – елге құрмет», «Тәуелсіздік пен тіл – егіз ұғым», «Білім негізі -сауаттылық» атты дебат өткен. Аптаның ең соңғы күні «Тілім барда айтылар сыр ойдағы» деп оқушылар жүректен шыққан мақтаныш сөздерін өздерінің шығарған өлеңдері арқылы жеткізген. Салауатты өмір салтын сақтау, дені сау, рухы таза ұрпақ тәрбиелеу, балалардың денесін шыңдап, күш қуатын нығайту мақсатында «Денсаулық – зор байлық» атты 8 -11 сыныптар аралығында спорттық шара ұйымдастырылған. Алтын күз мерекесіне орай «Берекелі күз» атты бастауыш сынып оқушыларында ертеңгіліктер өткізілген. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушыларды кітап оқуға, рухани бай болуға баулу мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілген. Ақиық ақын Мұқағалиға 90 жыл толуына байланысты мектеп дәлізінде кітап көрмесі қойылған. Әлеуметтік парақшада биографиялық шолу жасалып, ақынның өмірімен шығармашылығымен таныстырылым жасалған. «Жыр алыбы Жамбыл» 175 жыл толуына байланысты мектеп дәлізінде кітап көрмесі ұйымдастырылған. «Кітапхана мамандығына саяхат» тақырыбында 5 сынып оқушыларына танымдық сабақ өткізілген. Алғаш кітапхана қалай құрылғандығы туралы мәлімет, кітапханамен таныстыру, кітапхана қорына кітаптар қайдан келіп түсетіндігі жөнінде және кітапхана мамандығына байланысты ақпараттармен таныстырылған. Ыбырай Алтынсарин туғанына 180 жыл толуына орай «Ыбырай балалар әдебиетінің атасы» танымдық сабақ өткізілген. Ы.Алтынсариннің ертегілері, мысалдары талқыланып, мағынасына қарап әңгімелер баяндалған. «От жүректі ақын» Қасым Аманжоловтың туғанына 110 жыл толуына орай (1911-1955) қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі, халқымыздың дарынды ақынына арналған таным сағаты өткен. Ілияс Есенберлиннің «Айқас» романына 55 жыл толуына орай «Айқас» романы – қазақ ұлттық интеллигенциясының қалыптасу жолындағы күрделі әлеуметтік және рухани құбылыстарды суреттеген патриоттық рухтағы шығармасы таныстырылып, таным сағаты өткізілген. «Балаңыз кітап оқығанды ұнатама?» атты ата-аналарымен кездесу ұйымдастырылып, сауалнама өткізілген. Сонымен қатар «Театр сабақтары» жобасы жұмысы атқарылған, Оқу жылының басынан мектебімізде

үйірмелер жоспары құрылып бекітілген кесте бойынша үйірмелер жүргізілуде. Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында үйірмелер өз уақытында өткізілуде және нәтижесін берген. Оқушыларымыз спорттық және көркем эстетикалық үйірмелерге қатысып түрлі жарыстардан жүлделі орындармен оралған. Педагог психологтың қыркүйек айында 1 класс оқушыларымен психологиялық жұмыстар жүргізіп, нәтижесінде жоғары көрсеткіш 6 оқушы, орташа көрсеткіш 5 оқушы, төмен көрсеткіш 1 оқушы анықталған. Осы оқушылармен таным процестерге байланысты әдістемелер және түзету дамыту жұмыстары жүргізілген. 8-11 класс ата-аналар арасында «Отан-отбасынан басталады» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілген. Тренингті «Менің бейнем» танысу тренингімен бастау арқылы ата-аналар арасында жағымды ахуал қалыптастырылған. Оқушылардың қарым-қатынасын, көру арқылы есте сақтауын, ойша жұмыс істей білуін дамыту мақсатында 1-4 класс оқушылары арасында «Суретті аяқтайық», «Атомдар мен молекулалар», «Сиқырлы қобдиша» атты тренинг жаттығулар жүргізілген. Қазан айында 8-11 класс оқушылары арасында «DASS» сауалнамасы жүргізілген. Нәтижесінде: қауіп қатер тобы анықталмаған. 5 класс оқушылары арасында «Жылулық шеңбері», «Достық», «Паравоз» атты тренинг жаттығулар ұйымдастырылған. «Құқық бұзушылықтың алдын-алу» тақырыбында 5-7 класс оқушылары арасында психологиялық тренинг өткізілген. 8-11 класс қыздары арасында қыздармен әңгімелесе отырып, ар - намысын, пәктігін, сұлулығын жоғары қоя біліп, жұрт алдында абыройлы болуға тәрбиелеу мақсатында «Болашаққа қамқорлық» тақырыбында психологиялық тренинг сабақ ұйымдастырылған. «Зорлық-зомбылықтың алдын-алу» тақырыбында 8-11 класс оқушылары арасында тренинг жүргізілген. Қыркүйек айында БЦЖ ревакцинациясын қайта жүргізу мақсатында «Вакцинациялау – туберкулездің алдын – алу шаралары» атты 1 класс оқушыларының ата – аналарымен онлайн жиналыс өткізілген. Барлық мектеп персоналына, оқушыларға COVID-19 бойынша нұсқаулықтар жүргізілген. Оның ішінде COVID-19 туралы жалпы ақпарат: қол гигиенасы және респираторлық этикет, COVID-19 жұқтырудың шаралары, сақтық шаралары жөнінде айтылған. ««NO SMOKING DAY» шылым шегуге қарсы!» атты 8-11 класс оқушыларына лекция оқылған. Қазан айында «Жедел респираторлық аурулар және тұмау» тақырыбында 1-4 класс оқушыларымен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, балалар өз ойларын қағазға сурет түрінде түсірген. 5-6 класс оқушыларымен «Грипптен сақтаныңыздар» тақырыбында әңгімелесу жүргізілген. 7-8 класс оқушыларына «Мектеп денсаулық ортасы бола ала ма?», «Тұмаудың алдын – алу» тақырыбында жедел респираторлық аурулар жөнінде лекция оқылған. Оқушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау жөнінде іс-шаралар жүргізілген. Күзгі демалыс уақытындағы оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануы үшін түрлі онлайн форматта іс – шаралар өткізілген. Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің 180 жыл толуына орай танымдық сабақтар өткізілген. 23 қараша күні жалпыадамзаттық құндылықтар күніне орай «Сүйіспеншілік - адамның басты қасиеті, ақиқит оның негізі, дұрыс әрекет оның шынайы өмірі» атты сыныптан тыс жұмыс жүргізілген. Қараша айының 30-ы күні 1-желтоқсан Тұңғыш Президент күніне арналған «Елбасы – ел мақтанышы» атты 1-11 сынып аралығында тәрбие сағаттары,

салтанатты жиын өткізілген және «Елбасы жолы» атты көрсетілім көрсетілген. «Елің сүйген Елбасы» тақырыбында мектеп дәлізінде кітап көрме ұйымдастырылған. Көрмеде оқушыларға Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмірбаяны мен жүргізіп отырған саясаты, ел үшін жасаған істері мен атқарған қызметтері туралы айтылған. 16-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне 1-11 сынып аралығында «Тәуелсіздік баға жетпес байлық» атты мерекелік жиын өткізілген. Жиында «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымына 2 және 5 класс оқушылары салтанатты түрде қабылданған. 15 желтоқсан күні оқушыларды еліміздің тәуелсіздік алған жылдар ішіндегі жеткен жетістіктерімен таныстыру, білімдерін кеңейту, Отанын сүйуге, ел тарихын білуге, еліміздің мемлекеттік рәміздерін қастерлеуге, отанымыздың байлығын қорғауға, елімізді өркендетуге білімді ұрпақ болуға тәрбиелеу мақсатында барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілген. Спорттық және көркем эстетикалық үйірмелер өз уақытында жоспар бойынша жүргізілген. Қазақстан Республикасының 30 жылдығына орай аудандық мәдениет үйінде өткізілген Жайдарман сайысынан мектеп оқушылары қатысып жүлделі 3 орынмен оралған. Волейбол үйірмесіне қатысатын ер балалар құрамы Шевченко атындағы волейбол жарысына барып аудан бойынша жүлделі I орын иегері атанған. Өткізілген іс – шаралардың барлығы карантиндік талаптарды сақтай отырып өткен. «Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие» бағыты бойынша 12 сәуір Ғарышкерлер күніне арналған тәрбие сағаттары және сыныптан тыс жұмыстар жүргізілген. «Қыздар тәрбиесінің дәстүрлі құндылықтармен сабақтастығы» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел өткізілген. «Дәстүр мен ғұрып» жобасы бойынша «Ұмыт болған ұлттық тағамдар» жасалынып жәрмеңке ұйымдастырылған. «Экологиялық мәдениет» жобасы бойынша 6 класс оқушыларының арасында «Қоршаған ортаға ұқыпты қарайық» тақырыбы бойынша тәрбие сағаты өткізілген. 7 класс жетекшісі Жұмашева Гүлімнің ұйымдастыруымен «Таза болса табиғат – аман болар адамзат» тақырыбы бойынша сыныптан тыс жұмыс өткізілген. Мамыр айында «Құқықтық сана қауымға пана» жобасы бойынша 1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай арнайы жоспар құрылып тәрбие сағаттары және мерекелік кеш өткізілген. Мерелекелік кешке 1-11 класс оқушылары «р ұлттың ұлттық киімдерін киіп, ұлттық тағамдарын таныстырған. «Қазақ елі – татулық мекені» атты кітап көрмесі ұйымдастырылған. «Әділет» дебат клубының жоспары негізінде «Қазақстан бірлікпен татулықтың ордасы» тақырыбында пікірсайыс турнирі өткізілген. 5-6 класс оқушылары «Қазақстан –біздің сүйікті, ортақ Отанымыз» деп әлеуметтік желіге құттықтау өлең жолдарын жолдаған. «Көп ұлтты, тату елім - Қазақстан» тақырыбында 9-11 класс оқушыларының арасында эссе байқауы өткізілген. 1-4 класс оқушыларының арасында «Қазақстан – көп ұлттың достық мекені» атты сурет байқауы өткізіліп, оқушылардың жұмыстары көрмеге қойылған. 7 мамыр - Отан қорғаушылар күніне арналған «Еркін елдің ұланымыз» тәрбие сағаттары өткізілген. 9 мамыр - жеңіс күніне арналған «Жеңіс туы желбіресін» тақырыбы бойынша 10-11 класс оқушыларының арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылған. Ұлы жеңіс ардагерлерінің отбасыларына көмек көрсету акциясы бойынша ауылымыздағы ұлы жеңіс ардагері Баймұрат атамыздың отбасына барып «Қанатты Жастар» клубы қол ұштарын тигізіп көмектескен. «Рухани – адамгершілік тәрбие» бағыты

бойынша музей күні жобасы іске асырылды. «Адал ұрпақ» жобасы аясында «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» 31 мамыр саяси қуғын сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу бойынша тарих пәні мұғалімдері іс – шаралар ұйымдастырған. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Оқырмандар отбасы» іс – шарасы ұйымдастырылған. Дебат жобасы бойынша «Қазіргі заманғы жастарға патриотизм тән бе?» тақырыбында дебат ұйымдастырылған. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жыл басында жоспар құрылып, жоспар бойынша және жоспардан тыс іс–шаралар өткізілген. Ай сайын түрлі тақырыптарда құқықбұзушылықтың алдын – алу кеңесінің отырысы өткізілген. Оқу жылының басында оқушыларға ата – аналарға білім беру ұйымдарына алып кіруге тиым салынған заттардың тізімі таныстырылған. Мектеп жанынан құрылған «Қамқор әкелер», «Асыл аналар», «Қызғалдақ қыздар», «Алпамыс ұлдар» клубтары жұмыс жасаған. «Қамқор әкелер» мектебімен бірге 2021-2022 оқу жылында «Әке мен бала достығы», «Менің әкем ең жақсы адам» тақырыптарында дөңгелек үстел өткізілген. Дене шынықтыру пәні мұғалімінің ұйымдастыруымен әкелер мен балалар арасындағы қызықты волейбол ұйымдастырылған. Бастауыш сыныптар арасында «Әкемен бірге сурет саламын» тақырыбы бойынша сайыс өткен. «Асыл аналар» мектебі мүшелерінің қатысуымен «Өнегелі Отбасы» ата – ана мен оқушы арасында сайыс, «Қыз өссе – елдің көркі» танымдық сабағы мен «Сыры көп айтар қыз баланың» дөңгелек үстел өткізілген. Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында 1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай «Ынтымағы жарасқан, туған өлкем Қазақстан» тақырыбы бойынша мектепшілік іс – шара ұйымдастырылған. Өткізілген іс – шаралардың барлығы мектептің Terensai_jobbm парақшасына жарияланған.

2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысының жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15-сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылған. Тәрбие жұмысының мақсаты: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруды ұйымдастыру; Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу; Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау. Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана-сезімін жаңғыртуға аса мән береді. Тәрбие жұмысының міндеттері: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың

құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ эволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату. Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру. Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды.

2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жоспары төмендегідей сегіз бағытқа бағытталып құрылған: жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие; рухани-танымдық тәрбие; ұлттық тәрбие; отбасылық тәрбие; еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие; көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие; зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу; дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2022-2023 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндер жоспарға енгізілген. Білім алушылардың функционалдық сауаттылықтары мен әмбебап құзырлылықтарын қалыптастыруға қол жеткізетін бағыттардың бірі – құндылыққа негізделген оқыту мен тәрбие бағдарламасы (одан әрі – Бағдарлама). Бағдарламаның шешуші идеясы оқу-тәрбие процесін білім алушыларды ұлттық құндылықтар негізіндегі жалпыадамгершілік құндылықтарға баулуға бағыттау. 2022-2023 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Дебат», «Театр», «Оқуға құштар», «Отбасы – орта мектеп», «Құқықтық сана – қауымға пана», «Дәстүр мен ғұрып»; «Еңбек – елдің мұраты», «Үнем – қоғам қуаты», «Ерте жастан бастап экологиялық мәдениет», «Психологиялық көмек көрсету және мектептің татуластыру қызметтерін

ұйымдастыру», «Қоғамға қызмет», «Мектеп өмірінің бір күні», оқушылардың «Өзін-өзі басқару» ұйымдары; «Өзін-өзі басқару күні», «Өзін-өзі басқару аптасы» жобалары «Музей сабақтары» – «Музей күні» жобалары жоспарға кіріктірілген. Сонымен қатар ата-аналармен жұмыстар оқушылардың оқу жетістіктерін талдау, ата-аналарды сыныптағы эмоционалды климаттың жағдайымен таныстыру, психологиялық –педагогикалық ағарту, ұйымдастыру мәселелерін талқылау бағытында жүргізілген. Қазақстандық ұлтжанды, төзімді, рухани құндылықты, рух-жігері шындалған әлеуметтік жағынан белсенді тұлғаны қалыптастыру үшін жағдай тудыру және басымдылықтың бағыттарын айқындау: ашық ақпараттанған, әлеуметтік жағынан мығым білімді орта дайындау арқылы оқушыларды танымдық және шығармашылық әрекетке жеке тұлға ретінде өзін-өзі дамыту мен танытуын ұйымдастырудың кешенді шараларын жасауды қамтамасыз етіп, бәсекеге қабілетті, Отанын, елін сүйетін ұлтжанды, ақпараттық мәдениеті жоғары дамыған, шығармашыл құзыретті тұлға, эстетикалық сезімі кең, жаны нәзік, сұлу, салауатты, өзін-өзі, басқаны да өрге сүйрейтін қайратты, рухы таза, өнерпаз, ертеңгі ата-ана, тәрбиеші, өз елінің, басқа да елдердің салт-дәстүрін, өнерін құрметтейтін толерантты, мәдени, патриоттық құндылықтарды бойларына сіңірген оқушылар дайындалады. Осы аталған бағыттар бойынша педагогикалық кеңесте, әкімшілік жиналыстарында, директор жанындағы отырыстарда, ата – аналар жиналыстарында және класс жетекшілер кеңестерінің отырыстарында: «Жалпы адамзаттық құндылықтар – тұлғаны рухани адамгершілік тәрбиелеудің негізі», «Жас Ұлан» жасөспірімдер мен оқушылар ұйымының жұмыстарын ұйымдастыру, «Рухани Жаңғыру» бағдарламасының «Қоғам құндылығы» жобасы, бірыңғай ата – аналар сағатын ұйымдастыру туралы, «Әлеуметтік желідегі қауіпсіздік», «Салауатты өмір салтын қалыптастыруға арналған тәрбие жұмысы жүйесінің тиімділігі», «Мектеп бітіруші түлектердің еңбекке орналасуы», «Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, «Баланың бос уақытын тиімді пайдалану», «Мектепке жол», «Қамқорлық» акциясының орындалуы, «Үйірме, спорт секцияларының жұмыстарын бақылау», «Оқушылардың сабаққа қатысуын», «Өзін – өзі басқару органы: Мектеп парламенті» жұмыстарын ұйымдастыру тақырыбында сұрақтар көтерілген. Тәрбие мәселелері кешенді бағдарламаның орындалуы, сыныптардың тәртіп деңгейлерін бақылау, оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау класс жетекшілер отырысында қаралған. Сондай – ақ, класс жетекшілер отырысында төмендегі тақырыптар бойынша жұмыс жүргізілген: «Оқушылар арасында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін насихаттау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар мен нормативтік құжаттармен танысу», «Мектептегі қосымша бағдарламалардың орындалуы туралы», «Ата – аналармен жүргізілетін жұмыстар түрлері», «Ата – аналарға психологиялық қызмет көрсету», «Ата – аналар жиналысын өткізу формалары», «Ата – ана, ұстаз оқушы». Рухани жаңғыру бағдарламасы бойынша 2022-2023 оқу жылының басталуына арналған «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілген. «Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы бойынша «Абайлаңыз, балалар!» акциясы өткізілді. «Адалдық алаңы» жобасы бойынша «Адал ұрпақ», «Өзін – өзі басқару», «Жас ұлан», «Мектеп парламенті» жоспарлары құрылып жұмыстар жүргізілген. «Ақылды волонтерлік» жүйесі негізінде оқушыларды «қоғамға қызмет» әлеуметтік еріктілер жобасы бойынша

«Адамдарға қуаныш сыйла» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылған. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша «Оқырман мектеп – оқырман отбасы» акциясы ұйымдастырылған. Театр үйірмесін жоспарлау барысында балалардың жас ерекшелігі ескеріле отырып жас шамасына сай үш топқа бөлінген. Ересектер тобы 8-11 сынып, орта буын- 4-7 сынып, бастауыш 2-3 сынып оқушылары. Оқушыларға толыққанды театр өнері жайында ақпарат беру мақсатында «Театр өнерінің табиғаты» атты түсіндірме жұмыстары жүргізілген. Үйірме топтарының барлығына жас ерекшеліктері ескеріліп сөйлеу техникасына икемдеу мақсатында «Дұрыс сөйлеу», «Сөйлеу мәдениеті» тақырыптарында жұмыстар жүргізілген. Ең алдымен жеке-жеке тапсырмалар орындап, жаңылтпаштар жаттап сөзді анық айтуға машықтанған. «Театр - ұжымдық өнер» атты оқушылардың ауызбіршілігін нығайту мақсатында спорттық тимбилдинг өткізілген. Тимбилдинг барысында үйірме қатысушылары бір-біріне демеу болып түрлі тапсырмаларды бірлесе орындаған. Сахна мәдениетін игерту үшін «Сахналық зейін» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілген. Театр үйірмесінің бірінші, екінші тоқсанында оқушылардың сөйлеу мәнерін дұрыстау, дикциясын қою жұмыстарына басымдылық берілген. «Әділет» дебат клубы үш жылдан бері жұмыс жүргізуде. «Әділет» дебат клубының құрамында 20 оқушы бар. Дебат аптасына 1 рет өткізілген. Оқушылар аудандық турнирлерге және зум платформасы арқылы басқада турнирге қатысып тұрған. 2022-2023 оқу жылдарында төмендегідей тақырыптарда дебат ойындары өткізілген: «Сыбайлас жемқорлық – теріс құқықтық және әлеуметтік құбылыс», «Тұғыры биік тәуелсіз Қазақстан», «Оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алудың тиімді механизімін ұсынады». «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы 3 бағытта жұмыс жүргізген: сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім, мәдени-көпшілік іс-шаралар. «Адал ұрпақ» ерікті клубының отырысы айына бір реттен өткізілген. Жоспарға сәйкес «Сыбайлас жемқорлыққа жол бермейік!», «Біз жемқорлыққа қарсымыз!», «Адал еңбек бәрін жеңбек», «Жемқорлық – жат әдет» және тағы да басқа тақырыптарда тәрбие сағаттары өткізілген. Сыбайлас жемқорлықтың салдары туралы бейнетаспалар көрсетіліп, пікір-алмасулар ұйымдастырылған. Барлық білім беру мекемелерінде «Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек» тақырыбында мемлекеттік қызметкерлермен кездесулер болып, мемлекеттік қызметтің барысы туралы оқушыларға түсінік берілген. Өскелең ұрпақтың арасында мемлекеттік қызметті елдің мақсаттары мен даму басымдылығын іске асыру негізінде «Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек» тақырыбында шығарма байқауы өткізілген. Рухани-адамгершілікті және азаматтық патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру мақсатында 9-11 класс аралығында 31 оқушы қабылданған. Жоспарға сәйкес «Қоғамға қызмет» волонтерлар клубының отырысы өткізіліп отырған. 25 қазан – Республика күніне орай «Жанашыр жүрек» акциясы ұйымдастырылып, «Қанатты жастар» еріктілер клубының мүшелері жалғыз басты ана Тайшикова Маркияштың үйіне барып ауласын тазартып өз көмектерін көрсеткен. Жоспарға сәйкес «Біргеміз: Таза Әлем» акциясы аясында «Жасыл қала – жасыл ауыл» қоршаған ортаны тазалау, ағаш отырғызу жұмысы барысында «Адал ұрпақ» еріктілер клубының мүшелері мектеп ауласына тазалау жұмыстарын жүргізген. Жол көлік оқиғаларының алдын – алуда бастауыш

сыныптар арасында «Абайлаңыз балақай!», «Жол ережелерін білесің бе?» таным сабақтары жүргізілген. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша бірінші тоқсанда ұлтшыл емес, ұлттық сана сезімі мол, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, өзге ұлт өкілдері арасында қазақ тілін білу деңгейін көтеру мен қызығушылығын арттыру, патриоттық сезімін ояту мақсатында «Қазақстан халқы тілдері күні» мерекесіне орай «Ана тілім – дара тілім» атты 7 сыныптарға кітап көрмесі ұйымдастырылған. «Ұлттың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына» орай 5-7 сыныптарда өлең шумақтарын жатқа айту ұйымдастырылған. Оқу залында қазақтың ұлы жазушысы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезовтің туғанына 125 жыл толуына орай кітап көрмесі ұйымдастырылып, шығармаларына библиографиялық шолу жасалған. Оқушылар жазушының «Қорғансыздың күні», «Еңлік-Кебек», «Жетім», «Көксерек», «Кім кінәлі», «Қараш-қараш» оқиғасы, «Қилы заман» повестері, «Қаралы сұлу» әңгімелерімен танысқан. Қараша айында 5-8 класс жетеуқшілерінің ұйымдастыруымен «Қазақстан рәміздері елдігіміздің белгісі» атты тәрбие сағаттары өткізілген. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында қазақтың лирик ақыны Мұқағали Мақатаевтың туғанына 91 жыл толуына орай жас ақындар шығармашылық кеші ұйымдастырылған. «Үнем қоғам қуат» жобасы аясында ХХІ ғасыр менеджері шеберлік сағаты ұйымдастырылған. «Еңбек елдің мұраты» жобасы бойынша «Мамандық кеше, бүгін, ертең» презентациялар байқауы өткізілген. «Театр және балалар» жобасы бойынша «Ертегілер әлемі» сахналық қойылымдар 1-4 класс жетекшілерінің ұйымдастыруымен өткізілген. «Дебат» жобасы бойынша жоспар бойынша және жоспардан тыс дебат ойындары жүргізілген. Салауатты өмір салты бойынша мектеп медбикесінің ұйымдастыруымен репродуктивті денсаулық, нашақорлықтың, маскүнемдік пен темекі тартудың, АҚТҚ алдын алу және салауатты өмір салты бойынша семинар – тренингтер ұйымдастырылған. Кәмелетке толмағандар арасында есірткі заттарын қолданудың алдын алу мақсатында 2-3 сыныптарда “Біз бақытты өмірді таңдаймыз” тәрбие сағаты, 5-6 сыныптарда “Нашақорлыққа жол жоқ”, зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмысы бойынша “Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ” тақырыбында 5-6-7 сыныптарда тәрбие сағаты, құқық пәнінің мұғалімі 8-9 сыныптарға “Бала – құқығы – адам құқығы” дөңгелек үстел өткізген. Тәуелсіздік күніне орай 1-4 сыныптарда “Тәуелсіздік тірегім, Қазақстан жүрегім”, 5-7 сыныптар “Тәуелсіздік тұғырым”, 8-11 сыныптар “Тәуелсіздік тұғыры биікте” атты тәрбие сағаттары өткізілген. Оқушылардың қысқы демалысы уақытында «Адал ұрпақ – саналы ұрпақ» жобасы бойынша «Ауғанның от жалыны» ауған соғысы ардагерлерінің отбастарына барып көмек көрсетілген. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша қаңтар айында Мәншүк Мамбетованың 100 жыл толуына орай арнайы жоспар құрылып іс – шаралар өткізілген. Өнегелі бір сағат жобасы аясында мектебіміздің жанынан құрылған «Қамқор» әкелер мектебі «Әкенің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» тақырыбы бойынша 8-11 класс ер балаларымен дөңгелек үстел өткізілген. «Қоғамға қызмет» жобасы аясында 1 наурыз алғыс айту күніне орай ауылдың медбикелеріне және полиция қызметкерлеріне оқушылар өздерінің алғыстарын білдірген. «Өзін-өзі басқару» жобасы аясында «Қазақ тіліндегі 100 жана кітап» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілген. «Дәстүр мен ғұрып» жобасы, «Театр сабақтары» жобасы ұлттық өнер бағытындағы жұмыстар жоспар бойынша

жүргізілген. Мектеп жанынан құрылған «Қамқор әкелер» кешкі уақытта ауыл көшелерінде мұғалімдермен бірлескен рейдтер жүргізген. «Асыл аналар» мектебінің мүшелері «Мәңгілік ел ананың жүрегінде» атты ата-аналармен дөңгелек үстел, «Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі», «Қызым - қызғалдағым» тақырыптарында өнеге сағаттарын жүргізген. Сонымен қатар «Қызғалдақ қыздар» клубы және «Алпамыс ұлдар» клубы бекітілген жетекшілердің көмегімен жұмыстарын жүйелі жүргізіп келген. Қыркүйек айында «Алпамыс ұлдар» клубы «Жол ережесін сақтау – басты міндет» тақырыбында учаскелік инспектормен кездесу ұйымдастырыған. Қараша айында ұлдар кеңесінің бірінші отырысында «Тәртіп –тазалықтан басталады», «Ұлдар гигиенасы» туралы дәрігер кеңесін алу үшін 5-11 класс ер балаларымен мектеп медбикесі дөңгелек үстел ұйымдастырған. Сәуір айында «Ата салтын ардақтаған халықпыз» тақырыбында әкелер мектебімен бірге шеберлік сағаты ұйымдастырылған. «Ұл бала мен қыз бала сыйластығы» тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылған.

Бағаланатын кезеңге оқушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысы жоспар бойынша жүзеге асырылған.

Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру.

2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 3-қосымшасы «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2-тарауы «Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар» 1-параграфы «Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, жаңартылған негізгі орта білім беру мазмұнына қойылатын талаптар» 16-тармақшасы, 4-қосымша «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2-тарауы «Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар» 1-параграфы «Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып жалпы орта білімнің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар» 17-тармақшасы, **2022-2023 оқу жылында** «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 3-қосымшасының «Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар» 2-ші тарауы 16-тармақшасы, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 4-қосымшасының «Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар» 2-ші тарауы 17-тармақшасы негізінде жүзеге асырылған. Сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру оқушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесінің іске асуы қамтамасыз етілген.

Бағаланатын кезеңге мектепте оқушылардың дене бітімін жан –жақты дамытып жетілдіру, ептілік, төзімділік қасиеттерін арттыру жарыстарға жасақтар

дайындау мақсатында «Үстел теннисі», оқушыларға волейбол ойынының техникасы мен тактикасын түсіндіру, моральдік және еріктік сапаларын дамыта отырып, достық пен өзара көмек көрсетуге тәрбиелеу, волейбол ойынының техникасы мен тактикасы туралы жалпы түсініктерді қалыптастыру, алған білімдерін ойын кезінде пайдалануға, өз бетімен ойында пайдалану мақсатында «Волейбол /ер балалар/» және «Волейбол /қыз балалар/», оқушыларды шығармашылық ізденімпаздыққа баулу, қиялын ояту арқылы ой еңбегіне тәрбиелеу мақсатында «Жас шахматшы», оқушылардың денсаулығына жақсы және оң динамика қалыптастыру, дене шынықтыруға және футболға ынталарын арттыру үшін «Шағын футбол», баскетбол ойынының техникасы мен тактикасы туралы жалпы түсініктерді қалыптастыру, баскетбол ойынының әдіс-тәсілдерін үйрету, бастапқы төрешінің дағдысын қалыптастыру мақсатында «Баскетбол» және оқушылардың бойында ойлау қабілетін арттыру, біліктілік пен дағдыларын дамыту, төзімділікті қалыптастыру, әділеттілік, адалдық, жігерлік қасиеттерін қалыптастыру, достыққа жігерлендіру міндеттерін бойларына сіңіру мақсатында «Тоғызқұмалақ» спорттық секциялары жүргізілген. Сонымен қатар оқушылардың бейнелеуге, сурет салуға ынтасын арттырып, өз беттерінше сурет салуға дағдыландыру, алған білімдерін практикада қолданып, байланыстырып, ойларын тұжырымдай білуге, үнемділікке, біткен жұмысқа талдау жасай білуге, бейнелеу құралдарымен жұмыс жасап, алған білімін өз бетінше пайдалануға, өнерге деген қызығушылығын, көркемдік шеберлігін, ой өрісін, шығармашылық қабілеттерін дамыту, бояудың түстерін үйлестіре біліп, көрнекілікке, әсемдікке, әдемілікке баулу мақсатында «Жас суретші» үйірмесі, оқушылардың музыкалық қабілетін арттыру, вокалды хор техникасын меңгерту, шығарманы өз дәрежесінде көркем орындауға үйрету, музыка сабағынан алған білімдерін пайдалануға жетілдіруге мүмкіндік жасау, хор шығармасына қызығушылықтарын арттыру, эстетикалық таным-талғамының қалыптасуына жол ашу мақсатында «Сырлы әуен» үйірмесі, оқушы дауыстарына деген көбірек қамқорлық көрсету және олардың дауыс ережелерін қатаң сақтауына үнемі көңіл бөлу мақсатында «Жұлдыз» үйірмесі, театрдың көрермен аудиториясын балалар және жастармен кеңейту, оқушылардың жалпы мәдени деңгейін көтеру, жұрт алдында өзін дұрыс ұстай білу, өз ойын еркін жеткізе білетін сенімді тұлғаны даярлау үшін, оқушылардың ауызша сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Жастар театры», «Алақай» үйірмелері ұйымдастырылған.

Сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру жұмыстарының нәтижесін мектептің ресми сайты <https://terensai-aitekebi.edu.kz> «Оқушыларға - Үйірмелер», «Оқушыларға – Спорттық секциялар» мәзірлерінен бағаланатын кезеңдер 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша толық көруге болады.

Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, кітап оқуға ынтасын арттыру, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге, тіл байлығын арттыруға ықпал ету, кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру, оқушыларды әдеби кітаптарды оқуға насихаттау арқылы олардың кітап оқуға сүйіспеншілігін арттыру мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Барлық пәндер арқылы оқу», «Еркін оқу кеңістігі», «Кітаппен өткен демалыс күнім», «Оқы және өзгеге сыйла», «Кітап оқу арқылы өзін-өзі дамыту», «Отбасылық оқудың

дәстүрлері», «Оқу уақыты» бағыттары бойынша іс-шаралар атқарылған. Оқырман белсенділігін қалыптастыру, сөйлеу қызметінің негізгі түрлерін меңгеру, әртүрлі жанрда әдеби шығармашылық жұмыстар жаза білу қабілетін шыңдау мақсатында оқушылар арасында жоба жұмысы жалғасып, атқарылуда.

««Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың мәдени-білім беру жалпыұлттық дебаттық қозғалысы» жобасын іске асыру бойынша оқушылардың жоғары рухани-адамгершілік құндылықтарын, гуманизм, толеранттылық пен демократия ұстанымдары негізінде қазақстандық патриотизм рухына тәрбиелейтін, еліміздің барлық оқушыларының тиімділігі мен сұранысының бірыңғай әлеуметтік педагогикалық жүйесі болып табылатын дебаттық қозғалыстың мүмкіндіктерін кеңейту арқылы оқушылардың әлеуметтік және өзін-өзі дамыту мәселелерін шешуге бағытталған «Әділет» дебат клубы құрылған.

Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері).

Бағаланатын кезеңге жалпы орта білім берудің негізгі міндеттерін орындау мақсатында 10-11 кластарда міндетті оқу пәндері мен таңдау бойынша бейіндік оқу пәндерін үйлестіру негізінде жаратылыстану-математикалық бағытында бейінді оқыту жүзеге асырылған.

2020-2021 оқу жылында «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 4-қосымшасының 2-тарауы «Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар» 1-параграфы «Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып жалпы орта білімнің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар» негізінде бейінді оқыту білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері негізінде жүзеге асырылған. 10 класс оқушылары қалауынша өздеріне маңызды оқытудың тереңдетілген деңгей бойынша «География, «Биология» оқу пәндерін және стандарттық деңгей бойынша «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнін таңдаған. 11 класс оқушылары оқытудың тереңдетілген деңгей бойынша «География, «Физика» оқу пәндерін және стандарттық деңгей бойынша «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнін таңдаған.

2021-2022 оқу жылында 11 класс оқушылары өздері таңдаған оқытудың тереңдетілген деңгей бойынша «География, «Биология» оқу пәндерін және стандарттық деңгей бойынша «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнін оқуды жалғастырған.

Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру.

Бағаланатын кезеңге мектеп бойынша ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар болмаған.

ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру.

2020-2021 оқу жылында «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2018 жылдың 4-қыркүйектегі №441 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары» 6-қосымшасы, 5-9 кластардың оқу жоспары «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары» 16-қосымшасы, 10-11 кластардың оқу жоспары 120-қосымшасы «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары» негізінде вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтері іске асырылған. **2020-2021 оқу жылында** бастауыш білім берудің вариативтік компоненті бойынша оқушылардың математикалық сауаттылығын, логикалық есептер шығаруға қызығушылықтарын арттыру мақсатында аптасына 1 сағаттан 1-класта «Логика», 2-класта «Математикалық әлем», 3-класта «Қызықты есептер», 4-класта «Математика және логика» курстарына және балаларды өсімдіктер әлемімен таныстыру, қоршаған орта туралы дүниетанымын дамыту, табиғатты қорғауға, өсімдіктер әлемін сақтауға тәрбиелеу, оқушыларды туған өлкеде өсетін гүлдермен таныстыру және олардың маңыздылығы туралы түсінік беру мақсатында 1-класта «Мені қоршаған орта», 2-класта «Табиғатты аялау» курстарына 1 сағаттан жүргізілген. Оқушыларды шапшаң және мәнерлеп оқуға үйрету, көркем шығармаларды оқуға деген сүйіспеншілігін арттыру үшін аптасына 1 сағаттан 4-класта «Шешендік өнер» курсына, сонымен қатар 3-класс оқушыларының каллиграфиясын қалыптастыру үшін «Қызықты грамматика» курсы аптасына 1 сағаттан іске асырылған. 4-класс оқушыларын еңбекке баулу мақсатында 4-класта «Ұста боламын», 3-класта «Шебер қолдар» атты факультативтік курстары 1 сағаттан іске асырылған. Негізгі орта білім берудің вариативті компоненті бойынша элективті курстар 5-класта оқушылардың Қазақстан қалаларының тарихы, Қазақстан жеріндегі ежелгі дәуірден бастап күні бүгінге дейін сақталған қалалар мен қалалық қоныстар, сол сияқты қазіргі кезеңде өмір сүріп отырған ел ішіндегі қалалардың тарихын оқытуға бағытталған 1 сағаттық «Көне қалалар» курсының оқытылуына және 1 сағат оқушылардың физикалық географияның бастапқы курсына қамтылған жалпы географиялық ұғымдар мен заңдылықтар туралы білімді оқушылардың жас ерекшеліктерін одан әрі дамыту үшін 1 сағат «Жер қабықтары» курсы өткізілен. 5,6,9 класс оқушыларының жылдам ойлауға, шешім қабылдауға, зейінділікті дамытуға, әр алуан варианттарды жылдам әрі дәл есептей білуге, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында жеке және топтық жұмыстар есебінен аптасына 1 сағаттан «Жас шахматшы» атты курсы жүргізілген. 6-класс оқушыларының білімдерін кеңейтіп, пәнге қызығушылығын арттыра отырып, танымдық, шығармашылық және логикалық ойлау қабілетін дамыту мақсатында аптасына 1 сағат «Таңғажайып математика» курсы, оқушыларға тілдің грамматика

саласының морфология бөлімі бойынша тілдің ғылыми негіздері жөнінде толық, аяқталған сипаттағы тұтас білім беру мақсатында «Сөз таптары» курсының оқытылуына 1 сағат бөлінген және оқушылардың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру, оларға адамзат жинаған әлеуметтік, рухани, адамгершілік тәжірибесін меңгерту мақсатында «Ежелгі Қазақстан тарихына саяхат» курсы аптасына 1 сағаттан оқытылған. 7-класта оқушыларды қызықты және алуан түрлі табиғат әлемінен, «экожүйе», «экологиялық зерттеу әдістері», «заңдар» экологиялық ұғымдарымен, қоршаған ортаны зерттеу әдістерімен таныстыру мақсатында «Экология – үй туралы ғылым» элективті курсына 1 сағат және оқушылардың қазақ халқының мақтанышына айналған ақын Мағжан Жұмабаев туралы білімдерін кеңейту, ақынның өмірі мен шығармашылығын зерттеуге, мәліметтерді өз бетімен іздеп, талдауға қатыстыру, Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы арқылы, оның өмірлік ерлігін жастарға өнеге етумен ұлтжандылық сезімдерін арттыру үшін топтық жұмыстар есебінен «Мағжантану» атты курс аптасына 1 сағаттан іске асырылған. 8-класта элективті курстың 1 сағаты оқушыларға өз денсаулығын күте білуге, дұрыс тамақтану дағдыларын қалыптастыру үшін «Тамақтану және денсаулық» атты курсына және оқушылардың Қаныш Имантайұлы Сатбаевтың Қазақстан ғылымына сіңірген еңбегі туралы, ұлы ғалымның шалқар болмысын, рухани келбетін, үлкен адамгершілік қасиеттерімен таныстыру, жоғары отансүйгіштік сезімге, белсенді өмірлік көзқарас қалыптастыру мақсатында «Жас сатбаевшылар» курсына 1 сағат берілген. Жеке және топтық жұмыстар есебінен оқушыларға Қазақстанның көпэтносты қоғам ретінде қалыптасу тарихын белгілі заңдылықтар мен тарихи үдерістер негізінде таныстыру, қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды жолдары мен шарттарын түсіндіру үшін 1 сағат «Қазақстандағы қазіргі қоғамдық- саяси өмір» курсының оқытылуына бөлінген. 9-класта 1 сағат «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсына, 1 сағат «Абайтану» курсы, 1 сағаты экологиялық мәдениет, әдеп ұғымдарын, табиғат құндылығын, табиғат заңдарын, әлемдегі және мемлекетіміздегі экологиялық қозғалыстар туралы қоршаған ортаның құрамды бөліктерін, оларға түрлі ластанулардың әсерін таныстыру мақсатында «Экологиялық этика» курсы өткізілген. 10-класта жеке және топтық сабақтар ретінде оқушыларға экологиялық проблемалар, экологиялық дағдарыс, экологиялық қауіп қатер мәселелері және оны шешудің жолдарын үйрету мақсатында «Экология негіздері» курсының оқытылуына 1 сағат, механика курсы жөнінде оқушылардың теориялық білімі мен нақты практикалық есептер мазмұны арасындағы табиғи бірлікті түсінуді қамтамасыз ету және оның негізінде классикалық механика заңдары арқылы есептер шығаруды дағдыландыру мақсатында «Механика есептері» курсына 1 сағат, оқушыларды құқықтық біліммен, құқықтық мәдениетпен қаруландыру, Заң сыйлағыш тұлғаны қалыптастыру, құқықтық жағынан белсенді және сауатты азаматты – өз Отанының патриотын және жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу мақсатында «Құқықтану негіздері» атты курсқа 1 сағат берілген. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен дадалық оқу жиынына (лагерьлік) 1 сағат, «Абайтану» курсына 1 сағат және 1 сағат оқушыларға қазақ ауыз әдебиетінің күрделі де көркем саласы - шешендік сөздер, шешендік өнер әдеби асыл мұраларды

таныту мақсатында «Шешендік сөз» атты курсы жүргізілген. 11-класта жеке және топтық сабақтар ретінде оқушылардың әлеуметтендіру, ойлай білу қабілетін қалыптастыру, жаратылыстану ғылымы туралы терең білім беру, адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында аптасына 1 сағат «Тұқымқуалаушылықтың негізгі заңдылықтары» курсының оқытылуына бөлінген. Оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыру үшін, математикалық білімдерін одан әрі тереңдету мақсатында 1 сағаттық «Математикалық сауаттылық және логика» курсы өткізілген. Оқушылардың химиядан теориялық білімдерін есептер шығару мен жаттығулар орындау арқылы пысықтау мақсатында 1 сағат «Әр түрлі типтегі химия есептері» курсына берілген. Құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары мен түрлерін практикалық тұрғыдан меңгерту, алған білім, білік дағдыларын күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету, сөйлемдерге жан-жақты талдау жасауға машықтандыру мақсатында «Практикалық қазақ тілі» атты курсына 1 сағат, құқық және мемлекет туралы түсініктерін қалыптастыру, заң алдындағы жауапкершілікке үйрету, қосымша әдебиеттермен өздігінен жұмыс істеуіне ынталандыру үшін 1 сағат «Құқықтану» курсы және 1 сағат «Абайтану» курсы іске асырылған.

Вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерінің іске асырылуының ҮОЖ-ға сәйкестігі

2020-2021 оқу жылы

1-4 кластар

Курс түрі	Кластар бойынша апталық сағат саны			
	1	2	3	4
ВАРИАТИВТІК КОМПОНЕНТ				
Таңдауы бойынша сабақтар	-----	1	1	1
Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	2	1	2	2
Вариативтік оқу жүктемесі	2	2	3	3

5-9 кластар

Курс түрі	Кластар бойынша апталық сағат саны				
	5	6	7	8	9
ВАРИАТИВТІК КОМПОНЕНТ					
Элективті курстар	2	3	1	2	3
Жеке және топтық жұмыстар	1	1	1	1	1
Вариативті оқу жүктемесі	3	4	2	3	4

10-11 кластар

Курс түрі	Кластар бойынша апталық сағат саны	
	10	11
ВАРИАТИВТІК КОМПОНЕНТ		
Жеке және топтық сабақтар	6	6
Вариативті оқу жүктемесі	6	6

2021-2022 оқу жылында «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылдың 20 тамыздағы №415 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары» 1-қосымшасы, 5-9 кластардың оқу жоспары «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары» 6-қосымшасы, 10 кластың оқу жоспары «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары» 31-қосымшасы және 11 кластың оқу жоспары 2021 жылдың 26 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары» 100-қосымшасы негізінде вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтері іске асырылған.

2021-2022 оқу жылында бастауыш білім берудің вариативтік компоненті бойынша оқушылардың математикалық сауаттылығын, логикалық есептер шығаруға қызығушылықтарын арттыру мақсатында аптасына 1 сағаттан 2-класта «Математика әлемі», 4-класта «Математика және логика» курстарына және оқушыларды шапшаң және мәнерлеп оқуға үйрету, көркем шығармаларды оқуға деген сүйіспеншілігін арттыру үшін аптасына 1 сағаттан 3 класта «Сөз өнері» курсы өткізілген. Негізгі орта білім берудің вариативті компоненті бойынша оқушылардың 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыру үшін «Жаһандық құзыреттілік» курстары 5 класта «Парасаттылық және әдеп», 6 класта «Экология», 7 класта «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау», 9 класта «Зайырлылық және дінтану негіздері» аптасына 1 сағаттан іске асырылған. Таңдау бойынша оқушыларға экологиялық мәдениет, әдеп ұғымдарын, табиғат құндылығын, табиғат заңдарын, әлемдегі және мемлекетіміздегі экологиялық қозғалыстар туралы қоршаған ортаның құрамды бөліктерін, оларға түрлі ластанулардың әсерін таныстыру мақсатында «Экологиялық этика» курсы 8 класта аптасына 1сағат жүргізілген. Элективті курстар 5, 6 класс оқушыларының жылдам ойлауға, шешім қабылдауға, зейінділікті дамытуға, әр алуан варианттарды жылдам әрі дәл есептей білуге, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында жеке және топтық жұмыстар есебінен аптасына 1 сағаттан «Жас шахматшы» атты курсына бөлінген. 7-класс оқушыларының іргелі эксперименттік әдісінің физикада алатын орны, теориямен эксперименттің өзара байланысы туралы білімдерін дамыту және алған білімдерін тереңдете отырып, танымдық қабілеттерін қалыптастыру мақсатында 1сағат «Қызықты физика» курсына берілген. 8-класс оқушыларының қолөнерге ынтасын арттырып, өз беттерінше жұмыс жасауға дағдыландыру үшін аптасына 1 сағат «Жас шебер» курсының жүргізілуіне бөлінген. 9 класқа ұлы ақын Абай Құнанбаевтың шығармаларын тереңдете, жан-жақты таныту үшін аптасына 1 сағат «Абайтану» курсына берілген. 10-класс оқушыларының 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыру үшін «Жаһандық құзыреттілік» курстарынан «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» курсы аптасына 1сағат енгізілген. Элективті курстар «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен далалық оқу жиынына 1 сағат,

«Абайтану» курсына 1сағат және 1 сағат оқушыларға еңбегімен, қиялымен, шығармашылық қабілетімен, сана-сезімімен жұмысты сапалы және тиімді жасау мүмкіндігін арттыру мақсатында «Шебер» атты курсқа берілген. 11-класта элективті курстар оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыру үшін, математикалық білімдерін одан әрі тереңдету мақсатында 1 сағаттық «Математикалық сауаттылық» курсы жүргізілген. Физика пәні есептерін шығарудың жалпы заңдылықтары мен дұрыс мәдениетін қалыптастыру мақсатында аптасына 1сағат «Физика есептері және оны шығару тәсілдері» курсына бөлінген. Оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатында аптасына 1 сағат «Экология және қоршаған орта» курсы енгізілген. Құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары мен түрлерін практикалық тұрғыдан меңгерту, алған білім, білік дағдыларын күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету, сөйлемдерге жан-жақты талдау жасауға машықтандыру мақсатында «Практикалық қазақ тілі» атты курсына 1 сағат және қазақ сөз өнеріндегі ұлы Абайдың орны мен ақындық болмысын таныту мақсатында 1 сағат «Абайтану» курсына бөлінген. Оқушыларда нарықтық, экономикалық, экологиялық білімдерді бойына сіңіру үшін жалпы еңбек іскерліктері мен дағдыларын дамыту мақсатында аптасына 1 сағат «Қолөнер» курсы іске асырылған.

2021-2022 оқу жылы

1-4 кластар

Курс түрі	Кластар бойынша апталық сағат саны		
	2	3	4
ВАРИАТИВТІК КОМПОНЕНТ			
Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	1	1	1
Вариативтік оқу жүктемесі	1	1	1

5-9 кластар

Курс түрі	Кластар бойынша апталық сағат саны				
	5	6	7	8	9
ВАРИАТИВТІК КОМПОНЕНТ					
Жаһандық құзыреттілік. Таңдауы бойынша курстар	1	1	1	1	1
Элективті курстар	1	1	1	1	1
Вариативті оқу жүктемесі	2	2	2	2	2

10 класс

Курс түрі	Класс бойынша апталық сағат саны	
	10	
ВАРИАТИВТІК КОМПОНЕНТ		
ЖАҒАНДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК.	1	
ЭЛЕКТИВТІ КУРСТАР	3	
Вариативтік оқу жүктемесі	4	

11 класс

Курс түрі	Класс бойынша апталық сағат саны
ВАРИАТИВТІК КОМПОНЕНТ	
Вариативтік оқу жүктемесі	6

2022-2023 оқу жылында «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР оқу-ағарту министрінің 2022 жылдың 12 тамыздағы №365 (№412 (1-қосымша), 30.09.2022ж) бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары» 1-қосымшасы, 5-9 кластардың оқу жоспары «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» 6-қосымшасы, ал 10-11 кластардың оқу жоспары 2022 жылдың 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» 86-қосымшасы негізінде вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтері іске асырылған. **2022-2023 оқу жылында** бастауыш білім берудің вариативтік компоненті бастауыш класс оқушыларының математикалық сауаттылығын, математикалық сөйлеуді дамытуға бағытталған, логикалық есептер шығаруға қызығушылықтарын арттыру мақсатында 1-4 кластарда аптасына 1 сағаттан «Математика және логика» атты белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтарға берілген. Негізгі орта білім берудің жұмыстық оқу жоспарының вариативтік компоненті жаһандық азаматтық құзыреттіліктеріне ие бәсекеге қабілетті тұлғаны, жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін түсінуді, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды сыни талдау мен бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған «Жаһандық құзыреттіліктер» атты курсына 5-8 кластарда 0,5 сағаттан, 9 класта 1 сағат жүзеге асырылған. 10-11 кластарда жаһандық азаматтық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мақсатында «Жаһандық құзыреттіліктер» курстарына аптасына 1 сағаттан енгізілген. Көркем поэзияны оқыта отырып, заманға сай белсенділік көрсете алатын, халқымыздың тарихын, дәстүрін, өнерін, әдебиеті мен мәдениетін ұлттық құндылық ретінде бағалап, құрметтей білетін, оқырмандық талғамы терең, жан-жақты дамыған дара тұлға қалыптастыру мақсатында 10 класта 1 сағат «Поэзия әлемі» курсына және оқушыларға географиялық білім беру, оларды табиғат ресурстарын үнемді пайдалануға, қоршаған ортаны қорғауға, экологиялық проблемаларды шешуге, сондай-ақ алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету мақсатында «Әлемдік география» атты курсына 1 сағат берілген. 11-класта оқушыларды адами құндылықтарды бағалауға тәрбиелеу, рухани байлықтарын жетілдіру мақсатында 1 сағат «Тарихи тұлғалар» курсына және оқушыларды басқа елдердің табиғат құпияларын білуге, саясатты түрде бағыттай отырып, мамандық таңдауларына бағыт беру мақсатында «Туризм географиясы» атты курсы аптасына 1 сағаттан іске асырылған.

**2022-2023 оқу жылы
1-4 кластар**

Курс түрі	Кластар бойынша апталық сағат саны			
	1	2	3	4
ВАРИАТИВТІК КОМПОНЕНТ				
Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	1	1	1	1
Вариативтік оқу жүктемесі	1	1	1	1

5-9 кластар

Курс түрі	Кластар бойынша апталық сағат саны				
	5	6	7	8	9
ВАРИАТИВТІК КОМПОНЕНТ					
ЖАҒАНДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК	0,5	0,5	0,5	0,5	1
Вариативтік оқу жүктемесі	0,5	0,5	0,5	0,5	1

10-11 кластар

Курс түрі	Кластар бойынша апталық сағат саны	
	10	11
ВАРИАТИВТІК КОМПОНЕНТ		
ЖАҒАНДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК	1	1
ЭЛЕКТИВТІ КУРСТАР	2	2
Вариативтік оқу жүктемесі	3	3

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсының мазмұнын.

2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2-қосымшасының 2-тарауы «Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар» 1-параграфы «Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, жаңартылған бастауыш білім беру мазмұнына қойылатын талаптар» 24-тармақшасы, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 3-қосымшасының 4-тарауы «Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» 1-параграфы «Негізгі орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» 75-тармақшасы, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 4-қосымшасының 4-тарауы «Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» 1-параграфы «Жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» 81-тармақшасында белгіленген талаптар орындалған. 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырған. 5-9-сыныптарда

дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылған. 10-11 сыныптарда "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысының оқытуымен іске асырылған.

2020-2021 оқу жылында бастауыш кластарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсының кіріктіріліп оқытылған күндері

	1 класс	2 класс	3 класс	4 класс
1	07.09.2020	09.09.2020	02.09.2020	16.09.2020
2	05.10.2020	07.10.2020	30.09.2020	30.12.2020
3	12.10.2020	18.11.2020	02.12.2020	13.01.2020
4	26.10.2020	09.12.2020	20.01.2021	27.01.2021
5	11.01.2021	13.01.2021	17.02.2021	10.02.2021
6	17.05.2021	10.03.2021	21.04.2021	17.02.2021
7				17.03.2021
8				21.04.2021
9				28.04.2021
10				05.05.2021

5-9 кластарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсының кіріктіріліп оқытылған күндері

	5 класс	6 класс	7 класс	8 класс	9 класс
1	02.09.2020	07.09.2020	04.09.2020	07.09.2020	02.09.2020
2	04.09.2020	08.09.2020	08.09.2020	08.09.2020	07.09.2020
3	08.09.2020	10.09.2020	09.09.2020	09.09.2020	08.09.2020
4	09.09.2020	14.09.2020	30.09.2020	15.09.2020	09.09.2020
5	17.11.2020	01.10.2020	30.10.2020	17.11.2020	16.11.2020
6	18.11.2020	29.10.2020	03.11.2020	18.11.2020	17.11.2020
7	20.11.2020	02.11.2020	04.11.2020	25.11.2020	18.11.2020
8	24.11.2020	03.11.2020	17.11.2020	30.11.2020	23.11.2020
9	12.01.2021	16.11.2020	13.01.2021	27.01.2021	11.01.2021
10	15.01.2021	11.01.2021	15.01.2021	03.02.2021	12.01.2021
11	19.01.2021	12.01.2021	19.01.2021	10.02.2021	13.01.2021
12	02.04.2021	14.01.2021	20.01.2021	16.02.2021	18.01.2021
13	06.04.2021	18.01.2021	17.03.2021	05.04.2021	05.04.2021
14	07.04.2021	15.03.2021	02.04.2021	13.04.2021	06.04.2021
15	13.01.2021	01.04.2021	19.03.2021	26.04.2021	07.04.2021

10-11 кластарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсының кіріктіріліп оқытылған күндері

	10 класс	11 класс
1	18.09.2020	09.09.2020
2	09.10.2020	07.10.2020
